



**БҰЙРЫҚ**

11.06.2026

Алматы қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 17-17

город Алматы

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс  
тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жауапты болып заңгер М.К. Умбетова тайғындалсын.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобы Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Демеу» әлеуметтік қызмет орталығында (бұдан әрі - Орталық) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес құрамда (бұдан әрі - Жұмыс тобы) құрылсын:

**Жұмыс тобының жетекшісі:** Абжатова К.Н., директордың әлеуметтік істер жөніндегі орынбасары.

**Жұмыс тобының мүшелері:**

- Казыбеков К.Т. - әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі директордың орынбасары;
- Шарипова С.М. - бас бухгалтер;
- Беккулова К.З. - медициналық бөлім меңгерушісінің м.а.;
- Дулатбаев Б.Б. - ДСП меңгерушісі;
- Бекманова Г.С. - кадр жөніндегі инспектор;
- Кайдарова И.М. - психолог;
- Умбетова М.К. - жұмыс тобының хатшысы

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс жоспары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Жұмыс тобы 2026 жылдың 26 маусымы мен 27 шілдесі аралығында мынадай бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізісін:

- 1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

000229

3) қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4) медициналық-әлеуметтік қызметтерден туындайтын мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;


5) ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6) кадр мәселелерімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілген ақпарат жинау және қорыту жұмыстары аяқталғаннан кейін 2026 жылғы 27 шілдеге дейінгі мерзімде талдамалық анықтама жасалсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары К.Н. Абжатоваға жүктеймін.

Директор



М.Маринов

000230